



010000, Нұр-Сұлтан қ., Үкімет үйі

010000, город Нур-Султан, Дом Правительства

№ _____

Қазақстан Республикасы
Парламенті Сенатының
депутаттарына
(тізім бойынша)

2021 жылғы 3 желтоқсандағы
№ 16-13-45 Д/С

Құрметті депутаттар!

Мемлекеттік бюджеттің IV деңгейінің мәселесіне қатысты депутаттық сауал бойынша мынаны хабарлаймын.

IV деңгейдегі бюджет шығыстарын қамтамасыз етуге қатысты

Соңғы 3 жылда аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер әкімдіктерінің жалпы шығыстарының шамамен 60%-ы пайыздық мектепке дейінгі тәрбие мен әкімшілік шығыстарға тиесілі, бұл ауылдарды дамытуға қаражаттың жетіспейтіндігін көрсетеді.

Осыған байланысты, ауылдардың инфрақұрылымын жаңғырту және оның параметрлерін өңірлік стандарттарға дейін жеткізу мақсатында «Ауыл – Ел бесігі» арнайы жобасы іске асырылуда. Жоба шеңберінде өсу әлеуеті бар 3,5 мыңнан астам ауыл іріктелді, оларда 6 млн астам ауыл тұрғындары тұрады (88%). Бұл ауылдарды дамыту басым тәртіппен жүзеге асырылады.

2021 жылдың қорытындысы бойынша әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылымды дамытуға, ауыл тұрғындары үшін әлеуметтік қызметтердің қолжетімділігін қамтамасыз етуге, сондай-ақ жайлы өмір сүру ортасын құруға бағытталған 950 жоба іске асырылды.

Салық салынатын базаның төмен болуына және IV деңгейдегі салық пен бюджетке төлемдердің қосымша түрлерін ұсынуға қатысты

2021 жылдың қорытындысы бойынша IV деңгей бюджетіне жоспарланған 182,5 млрд теңгеден нақты 186,7 млрд теңге түсті (жоспар 2,3%-ға асыра орындалды), оның ішінде меншікті кірістер 27,6 млрд тг. жоспарланып, нақты 31,9 млрд тг. түсті (жоспар 15,4 % асыра орындалды).

Аудандық, қалалық және ауылдық деңгейдегі биліктің дербестігі мен жауапкершілігін кеңейту мақсатында 2021 жылғы 30 маусымда тиісті Қазақстан Республикасының Заңы қабылданды, онда 2022 жылдан бастап бюджеттің IV деңгейіне салықтар мен төлемдердің 4 түрін (*бірыңғай жер салығы; жер учаскелерін пайдаланғаны үшін төлемақы; жер учаскелерін сатудан түсетін түсімдер; жер учаскелерін жалдау құқығын сатқаны үшін төлемақы*) беру көзделген. Қаржы

министрлігінің болжамдары бойынша жоғарыда көрсетілген төлем түрлерінен ауылдық округтерге жыл сайын қосымша шамамен 13 млрд теңге түсетін болады.

2021 жылғы 18 тамызда Мемлекет басшысы жаңа Қазақстан Республикасында жергілікті өзін-өзі басқаруды дамытудың 2025 жылға дейінгі тұжырымдамасын (*бұдан әрі – Тұжырымдама*) бекітті, ол ауылдық бюджеттерге қосымша салықтар мен төлемдер беруді (*су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлемақы; жекелеген қызмет түрлерімен айналысу құқығы үшін лицензиялық алым; жекелеген қызмет түрлерімен айналысуға арналған (алкоголь өнімін сақтау және саудада өткізу бойынша) лицензияларды пайдаланғаны үшін төлемақы*) көздейді.

Бұдан басқа, Тұжырымдаманы іске асыру шеңберінде жалпыға бірдей декларациялауды енгізгеннен кейін жергілікті өзін-өзі басқару бюджетіне төлем көзінен салық салынатын табыстардан жеке табыс салығын және әлеуметтік салықты беру туралы мәселелер қаралатын болады.

Жоғарыда көрсетілген шаралар бюджеттің IV деңгейінің өзін-өзі қамтамасыз ету үлесін 2025 жылға қарай 35%-ға дейін ұлғайтуға мүмкіндік береді.

Шаруа қожалықтарына салынатын салық жүктемесіне және жеке және заңды тұлғалардың мүлкіне салынатын салық ставкаларын заңнамалық реттеуге қатысты

Шаруа қожалықтарына салынатын салық жүктемесі мәселесін Ұлттық экономика министрлігі жанындағы салық саясатын жетілдіру және әкімшілендіру мәселелері жөніндегі жұмыс тобы (*бұдан әрі – жұмыс тобы*) зерделеді.

Шаруа немесе фермер қожалықтары үшін арнаулы салық режимі көзделген 6 салық пен төлемнің орнына бірыңғай жер салығын (*бұдан әрі – БЖС*) төлеу негізінде бюджетпен есеп айырысудың ерекше тәртібін көздейді. Сондай-ақ, БЖС төлеушілер айналым мөлшеріне қарамастан қосылған құн салығын төлеушілер болып табылмайды. 2020 жылға дейін шаруа және фермер қожалықтары үшін жердің бағалау құны БЖС салық салу объектісі болды. 2020 жылдан бастап БЖС кірістен 0,5% мөлшерлеме бойынша есептеледі, яғни кіріс өскен сайын салық мөлшері де артады.

Осыған байланысты ауыл шаруашылығында қолданыстағы салық салу режимдерін қолданудың орындылығы туралы шешім қабылданды.

Қазақстан Республикасының Салық кодексіне сәйкес мүлік салығы базасына заңды тұлғалар үшін 1,5 % мөлшерлеме және жеке кәсіпкерлер үшін 0,5% мөлшерлеме қолданылады. Жеке тұлғалардың мүлкіне елді мекеннің санатына, мүліктің құнына және басқа да сипаттамаларына қарай салық салынады. Коммерциялық объектілер табыс алуға бағытталған кәсіпкерлік қызметпен байланысты екенін ескере отырып, мүлік салығының мөлшері жеке тұлғаларға салынатын салықтық жүктемеден ерекшеленеді.

Баяндалғанды ескере отырып, жеке және заңды тұлғалардың мүлкіне салынатын салық ставкаларын заңнамалық реттеу бөлігінде нақты ұсыныстар берілген жағдайда, олар белгіленген тәртіппен тиісті жұмыс тобының қызметі шеңберінде қаралатын болады.

Коммуналдық меншік объектілерін паспорттауға қатысты

Жергілікті атқарушы органдар жергілікті өзін-өзі басқарудың мүліктік кешенін кеңейту мақсатында тұжырымдаманы іске асыру шеңберінде 2022 – 2023 жылдары бекітілген объектілерге, оның ішінде иесіз активтерге түгендеу жүргізетін болады. Нәтижелері бойынша коммуналдық объектілердің тізбесі қалыптастырылатын болады, олар бойынша оларды тіркеу мен есепке қоюдың кезең-кезеңімен оңайлатылған тәртібі қолданылатын болады.

Кадр тапшылығына, ауылдық округ әкімдерін тікелей сайлауға және олардың біліктілігін арттыруға қатысты

Қазіргі уақытта ауыл әкімдері аппаратының штат саны орта есеппен 5-тен 10 бірлікке дейін құрайды. Бұл ретте кадр құрамының сапасы ең алдымен біліктілігі мен жалақысына байланысты болады.

Алдыңғы еңбекақы төлеу жүйесінде орталық пен өңірлер арасындағы жалақыдағы үлкен сәйкессіздік (орта есеппен 70 %) болды. Өңірлерде 2021 жылғы 1 шілдеден бастап еңбекке ақы төлеудің жаңа жүйесін енгізу орталық пен өңірлер арасындағы жалақы айырмашылығын 10%-ға дейін қысқартуға мүмкіндік берді.

Мемлекеттік қызметке түсуге ниет білдірушілердің саны айтарлықтай өсті. Осылайша, бір бос орынға үміткерлер саны орта есеппен 2,6 есеге ұлғайды, бұл мемлекеттік қызметтің тартымдылығын арттыруға мүмкіндік берді және кадр құрамының тұрақтылығы мен бәсекеге қабілеттілігін арттыруды қамтамасыз етті.

2021 жылғы 24 мамырда Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер әкімдерінің тікелей сайлануын көздейтін сайлау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар қабылданды.

2021 жылғы 25 шілдеде ауыл әкімдерін тікелей сайлау өтті.

2021 жылдың 2 жартыжылдығынан бастап алғаш рет ауылдық округ әкімі лауазымына сайланған адамдар Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы білім беру ұйымдарында және олардың филиалдарында арнайы бағдарлама бойынша тиісті оқудан өтеді. 2021 жылдың қыркүйек айынан бастап 600-ден астам ауыл әкімі оқытудан өтті.

Сайлау мәселелері бойынша қолданыстағы заңнаманы одан әрі жетілдіру жөніндегі ұсыныстарды мүдделі мемлекеттік органдар әзірленіп жатқан «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заң жобасы шеңберінде ағымдағы жылдың соңына дейін пысықтайтын болады.

Ә. Смайылов

**Қазақстан Республикасы Парламенті Сенаты
депутаттарының тізімі:**

1. Д. МУСИН
2. Ә.БЕКТАЕВ
3. А.КҮРІШБАЕВ
4. М. ЖҰМАҒАЗИЕВ
5. О. БУЛАВКИНА
6. С. ДҮЙСЕМБИНОВ
7. Ә. НҰРАЛИЕВ
8. С. ТРҰМОВ